


Цифрлық қоғам



С1 жоғары деңгей

Қазақ тілінің оқытушысы : Жазира Смағұлова





Тапсырмалар орындау

ЖАЗЫЛЫМ



**1. Екі бағанда ұсынылған
сөздерден сөз тіркесін құраңыз.**

1	ақпараттық	жеңілдету	
2	тұрмысты	ету	
3	ұлттық	тудыру	
4	қауіптен	қоғам	
5	сын-	қою	
6	адамзаттың	болашағы	
7	тосқауыл	мүдде	
8	наразылық	сақтану	
9	әсер	қатер	

ЖАЗЫЛЫМ



2. Жауапқа сәйкес сұрақ құрастырыңыз.

- _____?
- Иә, Интернет кеңістігі қазақ жастарына да әсер етпей қоймайды.
- _____?
- Әрине, ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай цифрлық ортаға бейімделуі керек.
- _____?
- Адамзат өмірі мен тұрмысын жеңілдетемін деп жансыз, ойсыз, сезімсіз темір роботқа ұқсап кетуі де мүмкін.

3.Оқыңыз

Цифрлық ақпараттық қоғам адамның тұрмысын көп жеңілдететіні рас. Алайда ол сонымен қатар оның дағдылары мен мәдениетін, таным-түйсігін де көп өзгертіп жіберді. Әсіресе, әлемдегі көптеген жастардың бойында ешқандай саяси партияларға қосылмайтын, капитализм немесе социализмге қызықпайтын, ешбір идеологияны ұнатпайтын көңіл-күй үдеп барады. Ұлт алдындағы борышын түсінбейтін, мәдениеті мен рухани сұранысы жұтаң, тек экономикалық табыс қызықтыратын ұрпақтың қолына саяси билік тисе, елдің тәуелсіздігі мен мемлекет тағдыры қандай болатыны да ойландыратын мәселе. Интернет кеңістігіндегі қағидалар мен құбылыстар қазақ жастарына да әсер етпей қоймайды.

Бүгінгі 15-20-дағы жастарымыз өздерін ертеңгі цифрлық дәуірдің байырғы тұрғыны санатына қосып, жауапсыздық пен толық еркіндікке бой алдырып ала ма деген үрей басым болып барады. Елдегі сауаттылық көрсеткіші 99,8 пайыз, еліміздің 127 жоғары оқу орнында 463 мың студент оқиды, 10 мыңдай қазақстандық дүниежүзінің беделді университеттерінде білім алып, елге қызмет етуде. Республика тұрғындарының 73 пайызы интернетті күнделікті қолданады, олар кемінде 2 құралмен ғаламдық желіге орташа алғанда секундына 19,3 мегабит жылдамдықпен қосылған. Қазіргі цифрлық технологияларға сүйенген дәуірде жеке адамға, мәдениетке, тіл мен ұлттық өнерге төнген қауіптің жойқындығын әлемдік ойдың шыңына көтерілген тұлғалар жарыса айтуда.

Өмірі мен қызметі цифрлық ортаға тәуелді қауымды интернет арқылы жаппай аңду технологиялары адамзаттың болашағына алаңдаған мамандардың наразылығын тудыруда. Сондықтан да қабылданған әрбір цифрлық бағдарламада адам, қоғам және мемлекет үшін туындайтын сын-қатерлер мен қауіптерді түгендеп, олардан келетін зиянға тосқауыл қою тетіктерін қатарлас жүзеге асырған дұрыс. Тарихтағы эволюциялық өзгерістер адамның өз өмірін, тұрмыс-тіршілігін жеңілдету, оңтайландыру мақсатымен жасалады. Алайда адамзат өмірі мен тұрмысын жеңілдетемін деп санасы мен рухын, адамдық қасиеттерін жоғалтып, жансыз, ойсыз, сезімсіз темір роботқа ұқсап кетуі де мүмкін. Цифрлық әлемнің берер мүмкіндіктері де керемет, ықтимал қауіптері де жойқын.

Бұл қауіптерден сақтанудың басты иммунитеті – Елбасы айтқандай «ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай цифрлық ортаға бейімделу». Сондықтан цифрлық эволюция кезеңінде Қазақ елінің даму бағыттарын ұлттық мүддеге сәйкес болжау үшін мемлекет пен қоғамның біріккен жігері қажет.

(Ұ. Есенбекова <https://egemen.kz>)



4. Мәтінде берілген ақпараттарды саралап, кестені ТОЛТЫРЫҢЫЗ.

АҚПАРАТ	Келісемін	Келіспеймін
Цифрлық ақпараттық қоғам адамның тұрмысын көп жеңілдетеді.	Себебі	Себебі
Цифрлық ақпараттық қоғам адамның таным-түйсігін өзгертіп жібереді.	Себебі	Себебі
Әлемдегі көптеген жастардың бойында ешбір идеологияны ұнатпайтын көңіл-күй үдеп барады.	Себебі	Себебі
Республика тұрғындарының 73 пайызы интернетті күнделікті қолданады.	Себебі	Себебі
Ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай, цифрлық ортаға бейімделуі керек.	Себебі	Себебі



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**